


1 2008

364 к

Серік

ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

МАНСАП  
пен  
МАХАББАТ











Серік  
ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

МАНСАП  
мен  
МАХАББАТ

Көркем аударма



Алматы "Санат" 2007

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің  
тапсырысы бойынша шығарылып отыр*

**Әбдірайымұлы Серік**

Ә 14 Мансап пен махаббат. Аудармалар. - Алматы: ЖШС  
«Санат», 2007. - 288 б.

ISBN 9965-664-56-0

Ұсынылып отырған жинаққа аудармашы әр жылдары тәржімалаған көркем шығармалар еніп отыр. Орыс жазушысы Б.Васильевтың «Мансап пен махаббат» повесі, эстон жазушысы П.Куусбергтің дүние жүзі халықтарының бірнеше тіліне аударылған «Монолог» психологиялық әңгімесі, украин жазушылары Н.Сенченконның «Шәңгішекті көпірде» новелласы, А.Зиманың «Бойжеткен» триптихі, сондай-ақ түріктің әлем таныған сатиригі Әзиз Несиннің әзіл әңгімелері ешкімді енжар қалдырмайды. Шығармалардың қай-қайсы да жеңіл оқылады, көңілге түрлі ой салады.


Кітап қалып оқырманға арналған.

Ә 4702250201-06 07-07  
416(05)-07

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-664-56-0

© С.Әбдірайымұлы, 2007.  
© ЖШС «Санат» баспасы, 2007.



*Пауль КУУСБЕРГ,  
Еңбек Ері, эстон жазушысы.*

# *Монолог*

*толғау*

Өмірдің аты - өмір, оны басқаша атай алмайсыз. Қалай қырық құбылтпа – бәрібір, өмір қашан да өмір болып қала бермек. Жә, мен осы бір өмір деген сөздің астарынан нені аңғартып, нені айтқалы отырмын? Зады, бар әңгіме – өмірдің нағыз өзі туралы. Әрине, мен белок табиғаты жайында, не зат алмасуының заңдылықтары турасында, ия өсіп-өну хақында ұзақ-сонар сөз қозғауыма әбден болар еді, кейде біздің де әлде бірдемелерді түртінектеп оқып қоятынымыз бар. Ондағы айтпағым – қайдағы жоқ қи қонызының тіршілігі жайлы емес, кәдуілгі жұмыр басты адам өмірі; айтпай-айтпады не, қи қонызының өмірі де одан еш кем түседі деп есептемеймін. Сен бұған, әлбетте, қызыл кеңірдек боп таласа бастайсың, күмәнім жоқ. Сенінше, сөз етуге тұрмайтын, ойға келмейтін, қи қонызының беймаза, абыр-сабыр тірлігі – барып тұрған бейшаралық қой; жалпы менің де пайымдауларымның осы тақылеттес екенін өзім де білемін, қалай дегенмен де, мен де адаммын ғой. Бірақ, сен маған мынаны айтшы: ақыл-есті адамға қарағанда, жас тезек көрсе – көзакы алмай жібермейтін қи қонызы ақымақ ғұмыр кеше ме? Егер оны өзінің түр-тұрпаты, не күллі әлемдегі жан иелерінің тіршілік-тырбанысы тұрғысынан алып қарасак ше? Жо... жоқ, – одан ешбір кешелікті көрмейсіз. Рас, ол сабылып жүріп, университеттен білім алмайды және сарсылып кітап оқымайды; соған карамастан, ол өз ортасына соншалықты ғажайып бейімделген емес пе? Мұрнынды тыржитпай-ақ қой, жиіркенішті бірдемені көңірсітейін деп отырғаным жоқ. Мен тек сенің көзіне қораш көрініп отырған сол қи қонызының құдайдай жайлы да жақсы өмір сүретінін айтқым келеді; ол жаңбыр жауып тұрған кезде не жеу керектігін, сол сияқты өмір сүру үшін қажетті және басқа да әртүрлі даналықты біледі; жоқ, ол ойлай алмайды, қалай болғанда да, оқымысты ойшылдар осылай деп пайымдайды; алайда, ойлау қабілетінің барлығы – басқа тіршілік иелерінің бәрінен адамның артық екендігін дәлелдей ала ма? Заңғар көкте самғаған

қыран бүркіт ешбір дүрбісіз-ақ әлденеше шақырым биіктіктен мына жер бетіндегі ит тұсығы батпас ну ішінде не болып жатқанын жазбай көреді... Мысық өзінің түнгі жортуылдарында қалта фонарынсыз-ақ талай-талай қалтарысты шарлап шығады.. Жарқанат сонша қылдай заттың өзіне қилікпей өтеді екен; ондайды ең секемшіл локаторлармен, ең соңғы техникалық жаңалықтармен жаракталған самолеттер мен корабльдер туралы айта алмаймыз. Адам ну жыныс ішінде келе жатып тапа-тал түсте адасуы мүмкін; ал, қарлығаш — ит арқасы қияннан, мындаған шақырым жерден туған ұясына қайтып оралады. Әрбір тірі жәндік, — мейлі, ол тәкаббар бүркіт, не бейшара ки қонызы болсын, — әйтеуір, өзінің өмір сүріп, өніп-өсуі үшін не қажет, соның бәрімен қамтамасыз етілген және оған ешбір көмекші аппараттың немесе машиналардың қажеті жоқ... Ия, сыртқы сезімталдық пен инстинктің болуы, әрине, өзінен-өзі түсінікті! Егер сол сезімталдық пен инстинкт аса мықты жетілген болса, онда әлгіндей тіршілік иелерінен — ойлау қабілеті барлар несімен жоғары саналмақ? Жан-жануарлардағы, құстардағы, немесе құрт-құмырскалардағы ерекше сезімталдық пен инстинкт дәрежесіне біздің аппараттар мен машиналардың сенімділігі, «жеті рет өлшеп, бір рет кесетін» дәлдігі әлі де жетпей жатыр. Адамға атақ-дәрежеге құмарту мен менмендіктің қанмен біткендігі соншалық, танау астындағыны көре алмайтын кезіміз жиі кездеседі. Адамнан басқа, - өздерінің өмірлік күш-қайратының көбін, тап өзі сияқтылардың тұқым-тұянын құртуға жұмсайтын, тым болмаса, бір ғана екі аяқты, төрт аяқты немесе көп аяқты жәндікті білемісің? Адамды табиғаттың қожасы деп атауға қандай құқымыз бар? Егер, өмір — адамға берілген баға жетпес байлық болса, онда оның ақыл-ойы сол өмірді қорғауға, соны көздің қарашығындай сақтауға жұмсалуды тиіс қой. Қазір өмірдің адам ақыл-ойынан асқан жауы жоқ. «Жоқ, жоқ» деп қайталап айтамын; әңгіме — атом бомбасы жайында ғана емес, басқаны былай қойғанда, тіпті қандалаға қарсы қолданатын ДДТ порошогын адамдар дұрыс пайдалана алмайды! Мен, ағайын, ДДТ — тек құрт-құмырсқаға қарсы қолданылатын порошок емес екенін; ол — адамдардың ұлылығымен синтезделген улы

химикат екенін жақсы білемін; дегенмен, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей өсіретін, арнайы «қора-қопсылар» — өмір үшін бірінші жау болып отырған жоқ па? Тек адамзат өміріне ғана емес, сонымен бірге барша тіршілік үшін де солай. Біз өсімдіктер мен басқа жәндіктерге зиянкестік жасаушыларға қарсы батыл күресіп келеміз және сөйте тұрып, өздерін-өздеріне талатып, құртқыза бастадық. Сонымен бірге шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа, тіпті қандала ДДТ порошогына да әбден еті үйреніп алғанын ұмытпайық, ол тек адамдарға рак пен қанның сұйылу кеселін алып келді. Істің жәйі, шын мәнінде, осылай болып тұр емес пе? Дәл осылай, қайталап айтамын, дәп осылай! Және оған таласып, қызылкенірдек болмай-ақ қой.

Саған және бір мысал келтірейін. Құмырсқалар ғой, үлкен-үлкен илеулерде моп-момақан күймен, олардың өз көзімен карағанда, алып қалаларда тып-тыныш өмір сүреді және сонша бейнетшіл байғұстар қалай ғұмыр кешеді... тамаша! Адам да өзі үшін ұланғайыр илеу — бірнеше миллион тұрғыны бар қалалар салды, бірақ оған қалада тұру жақсы дейсін бе? Қала оған игілігімен бірге, әр алуан азап та ала келді. Қандай хайуанат мейірі қанып ішетін суын, кеуде керіп дем алатын ауасын, ықылық атқанша жейтін тамағын ластайды? Бұлай жасайтын — тек табиғат тәңірісі; ал, біз болсақ, соған бас шұлғып, істерімізді істей береміз, оның рухы дән риза болсын деп мадақтау гимнін айтудан жалықпаймыз.

Адамды кәдуілгідей бал арасымен салыстырып көрелік. Бәлкім, ол қытығына тие қоймас? Бал арасы дегеніміз — әп-әдемі енбек сүйгіш жаратылыс: ал, балы болса — тілінді үйіріп, тамсандыра таңдай қактырады. Ара да өзі тектес, бірақ бөтен омартадағы араны құртып жіберуге қабілетсіз емес; сонда да болса, оның көп жағдайда адамнан артықшылығы бар. Ұялас аралар ордасындағы қыж-қыж қайнаған тіршілік тамырын тап басып айтар болсақ, олардың арасындағы өзара ынтымақ пен ұйымшылдық, осыншалықты өз міндетін түсінуі мен ортақ мүдде үшін құрбан боларлықтай рух адамзат қоғамында ешқашан салтанат құрмайды... Сен енді, әрине, өзін-өзі тану жайында түсінік бере бастайсың.



Өзім де осыны күткенмін. Бірақ ондай болмашы көзірмен адамды құтқара алмайсың. Өзін-өзі тану түсінігі — бұл адамдардың ойлап тапқан көңіл жұбатуы. Егер, өзін-өзі тану, «адам өзін-өзі біледі, әлемдегі өмір атаулының алуан формасының ішінен өз өмірінің мәнін түсінеді», — дегеннен басқа, тағы бірдеме білдіруге тиіс болса, онда мынаны мойындау керек: (адам, мейлі, оның университеттері, академиялары, газеттері, радиосы, теледидары, киносы, есептеу машиналары, космос корабльдері, атом электр станциялары т.б. бола берсін) өзге тіршілік иелеріне қарағанда өзін-өзі соншалықты нашар, әрі аз біледі. Адам өзін-өзі және өз өкілеттігін жетілдіруде ки қоңызы сияқты көр соқыр... түү кешір, ара сияқты соқыр; әйтсе де саған «ара сияқты соқыр» деген сөз біртүрлі тосын естілмей ме? Байқайсың ба, адамға «соқыр» деп айтуға болады, мұның өзі бір-бірімен тамаша жымдаса кетеді; ал, араға дәп солай деп айта алмайсың. Тіпті соқыр араның өзіне де «соқыр» деу келіспес еді; ал, адамға күмәнсіз келеді; оның бер жағында, жанары оттай жанып тұрса да, қолына дүрбі ұстаған жанға бетіміз шылп етпей соқыр деп айтуға бармыз... Және «өзін-өзі тануға материя өте-мөте мұқтаж» деген қиял-ғажайып ертегіде ешбір негіз жоқ. Мәңгі жасап келе жатқан материя үшін, жұмыр жердегі екі аяқты пенделер ойлана ма, жоқ па, ол өзін-өзі, сол сияқты күллі әлемді танып біле ме, әлде жоқ па, одан материяға келіп-кетері шамалы. Ол өзінің мәңгілік «материя — энергия — материя — энергия» биін үздіксіз жалғастыра береді, бұл биді әлдекім бейнелеп бере ала ма, жоқ па, о жағына да бір түйір жаны ауырмастан жалғастыра түседі. Демек, өзін-өзі тану, - егер ол адамда жалпы бар болса, — қандай қабілет?...

Жә, әлбетте, түптің түбінде сенің және бір көзірді — өнерді алға тартарыңды білгенмін. «Әдебиет пен өнер — адамды басқа жаратылыспен қатар қойып салыстырған кезде, оның атақ-абыройын сақтап қалады» дегенге сен шынымен сенесің бе? Осы арқылы сен: «адам басқа жаратылыспен лайықты түрде қатар шындықты ғұмыр кешеді, болмаса — онанда жоғары дәрежеге көтерілетіндей онда творчестволық күш-жігер бар; жана ақиқат жетуге қабілетті» дегенді дәлелдегің келіп отыр ма? Бұл арада біз

адамға тән өр мінезділік пен болмашы көңіл жұбанышына тағы да тап боламыз. Өнер арқылы туындайтын нақтылық (ал, ол тегінде, ғылым мен техника, тіпті қарабайыр қолөнер кәсібі жасаған жаңа нақтылықтан әлденеше мың есе кем түседі) адам қолымен өмірге келген небір таңғажайып дүниелер сияқты, ол да іске алғысыз болып, берекесіздікке ұшырайды; оның өмір мүддесі жолындағы қызметі де түкке тұрмайды. Әдебиет – адамның әбігер тіршіліктерінің айнасы болуы, оның қырық құбылуы, жалпы әдебиеттің бір кездегі тындырғанынан қазіргі берері – ауызды қу шөппен сүрткендей-ақ; бұған қоса, адамның өз өмірін қорғауда дәрменсіздігін паш етеді; өмірден баз кешіп, біржола түнілгендерді тудыруға себепкер болады; өмірді қалай болса солай, еш мақсат-мағнасыз, босбелбеулікпен өткізуге үндейді; адам – адамға жат дегенді уағыздайды және тағы басқа. Мұның өзі адамзат ақыл-ойы тудырған жауыздықтың зұлмат күшін тізгіндеп ұстау үшін, сол адамдардың бірімен-бірінің өзара тамаша түсінісуі қажет болып тұрған бүгінгі таңда да солай. Мені нигилист деп есептей көрме; десе де барлығын жоққа шығарып отырмын ғой. Тек қана жоққа шығарып отырғаным жоқ, мұның бәрін жоққа шығару үшін айтқаным емес, сен мені дұрыс түсінгейсің. Мен саған қи қонызының өмірі адам өмірінен ешбір кем еместігін дәлелдегім келді. Қандай жағдайда болса да, жел сөзден өлең жолдарын ілдалап, онысын құлаққа қонымды үнмен мақамдап айта білетін, өзі масан, қызылшеке, жалбыр шашты, ақыл-есі бар адамға қарағанда, маған биік жартас әлдеқайда күштірек әсер етеді. Қорықпай-ақ қой, тірілермен салыстырғанда өлі табиғат құнды дегенді саған дәлелдеп бергелі отырғаным жоқ; былай алып қарағанда, ондай байламды дәлелдеп беру, пәлендей қиынға да түспейді. Тек бір ғана мысал келтіре кетуге рұхсат ет: жартас – қашан да жартас болып қала береді; ал, өмірде «өзім өз үніммен қалдым» деп мақтана алатындай адамдар көп пе? Тақырыптан ауытқымай-ақ қоялық, әңгіме өмір жайында болып отыр ғой, және мен де біржақты кетпесін деп ойлаймын. Жоғарыда айтқанымдай, өмірдің аты - өмір, және оны басқаша атай алмайсың. Өмірдің өз бағасы өзінде, оны

сол өмірдің өзімен өлшемесен, одан өзге ешнәрсе өлшем бола да алмайды. Жо... жок, жаттандылықтан мен мүлдем аулақпын. Мен оны саналылықпен қайталап отырмын және үшінші рет қайталайын: өмірдің аты – өмір, оның құнын әркім-ақ, тіпті әлі сегізінші сыныпты бітірмеген және бірде-бір кітап оқымаған, тек күрекпен, болмаса сыпырғышпен жұмыс істей алатын, телевизордың тұтқасын әрлі-берлі бұрауды ғана білетін адам да сезінеді. Әйтсе де, өмірдің бағасын сезіну, немесе дәлірек айтқанда, танып білу – өмірден рахат көрдім деген сөз емес. Өмірдің бағасы мен рахаты – бұл екеуі екі басқа ұғым, оны есіне сақта. Өмірдің рахатын адам сирек сезінеді және бәрінен де өмірдің қадірін дұрыс салмақтай аламын дейтін, әрі оған өзі әбден күмәнсіз жандар сол рахаттан аузының салуы бола бермейді. Өмір дәмін сезіне білмейтін адам кім, – ол – көбіне көзін кітаппен тырнай ашып, электронды есептеу машиналарына әбден арқа сүйеп кеткен жоғары білімді мырза. Сол кітаптар мен электронды есептеу машиналары оның бар уақытын ұрлап жатқанын өзі де білмейді, өмір сүруге тіпті де уақыты жок. Адам неғұрлым кітапты көп оқыса, ол соғұрлым көп күнмәнданатын болады; түптің түбінде, ол «жалпы өмірде қандай да болмасын мән-мағына бар ма, мен өзім өмір сүріп жүрмін бе, жок әншейін қалқайып жүрген біреумен бе» деп күмәндана бастайды, тіпті «жаратылыстың өзі бар ма» деген сұраққа жауап таппай дал болатынын қайтесіз. Өмір мәні жайында әркімнің өз түсінігі, өз пайымдауы бар; мәселен, өмірінің мәні – доллар, не ақша; министрдің, болмаса директордың орны; академиктік, не халық әртісінің атағы; су жана «Волга», немесе алтын бассейнді кеме; өкшесі модаға сай биік те жылы етік; не тындаған жұртты қайран қалдырар ұтқыр ойлы бір шумак өлен – деп нық байлам жасап, сол ойына жеткен және өмірдің жаңа мәнін іздеп, әуре-сарсаңға түспеген, соған ақылы жеткен адам, шын мәнісінде де, бақытты. (Орыс тілінде жазылып жүрген «индивид» пен «индивидуальность» сөзі, «лицо» мен «личность» сөзі тіпті де синонимдес сөздер емес). Ал, егер, ол өз арманын жүзеге асыра алмаса (көбіне жағдай деп осылай болып жатады, не біз өзіміз әлімізге қарамай айға ұмтыламыз), онда біздің күніміздің

біткені дей бер; ішкеніміз ірің, жегеніміз желім бола бастайды, сарыуайымға салынамыз, жабыркап-жабығымыз, ішкілікке салынып, енді өмірден баз кешетіндей қиналамыз. Таласып әуре болмай-ақ қой, өмір қадірін әркім өз шама-шарқымен өлшейді. Не дейсің? Не? «Өмірдің жалпыға бірдей қадірі» деймісің? Қоғамдық белгісі? Жә, менін бұларға ешбір дауым жоқ, бірақ, әдетте есептеп жүргендей, көптеген адамдар үшін айтып отырғандарыңыздың соншалықты мәнісі зор емес; солай болмаған жағдайдың өзінде, көпшілік үшін бұлар айқындаушы нәрсе бола алмайды. Көптеген адамдарға мұның түкке де қажеті жоқ. Әулие болу баршанын мандайына жазылмаған, әлдекімдер әулиенің өмірі көк тиынға да тұрмайды деп те есептейді. Ал, баз біреулер үшін, тіпті әйелден артық бақыт жоқ; сол әйел үшін жанын жалдап ақша табуға, докторлық дәрежеге жетуге бар; оны белдемше етегінен жылт-жылт етіп көздің жауын алған әйел балтырынан басқа, ешбір ортақ идея толғандырмайды. Шынын айтсақ, балтыр мәселесі бұл күндері ешкімді таңқалдыра алмайды; балтыр атаулының қадірі кеткені сонша, жап-жалаңаш балтырдың көптігіне көз сүрінеді; тым болмаса сәл-пәл ғана жасырып, қымтырса ғой, сезім шіркін селт етер еді... Әлгіндей сілекейі шұбырған субъект үшін революция мен бостандық, кибернетика мен генетика, өзін-өзі тану пен шындық, Вьетнамдағы соғыс пен Чехословакиядағы оқиға — бәрі-бәрі талғаусыз жұтатын дәмді ботқамен бірдей. Мұндай пошымдағы «табиғат тәнірісі» сені мен мен сияқты әлемдік қайғыдан қасірет шеккен мейірімді жандарды түсінсе бұйырмасын; мұның растығына имандай сене бер. Құлқынның құлына қарағанда, біз сияқты мейірбанды жандар әлдеқайда биік тұрады деп кім айта алады? Құлқынның құлдары, тым болмаса, бір рет кеңірдектеп тойған сәтте мына жарық дүниеге езу тарта қарайды; ал, біз болсақ, өмір бақи ішқұса болып, көкірегіміз қарс айырылып отырғаны. Немене? Көтеріңкі көңілде болғың келмей ме — болмай-ақ қой; қандай жағдайда болғың келсе, солай бол! «Мейірбан жандар мен шындық үшін күресушілер — иттен әрі, шошқадан бері болып кете алады; әйел дегеніңізді жейде ауыстырғандай

айырбастайды; тойғанынша ішіп-жейді; егер дос-жарандарымен бірге мейірімді және шындықты іздеуші адам ретінде өз басын данкка бөлей алса, ол мұның барлығын тып-тыныш калыпта отырып жасай алады...» деймісін... Тұра тұр, бір минутка сабыр ет, аса маңызды мәселе жайлы қас пен көздің арасында әңгімелей салуға болмайды; ал, өмір дегеніңіз, қалай дегенмен де, жалпы адамға берілген аса маңызды мәселе. Пәлі, сенің айтуыңа қарағанда, мен бір айтқанымды қайталап отыр екенмін ғой? Жоқ, қайталап отырғаным жоқ, былайша айтқанда, зерттеп отырған мәселені әр қырынан алып әңгімеледім; қалай болғанда да, өзін-өзі қайталау мен мәселені ғылыми талдаудың арасында айырмашылық бар! Мен бір нәрсені — «өмірдің аты - өмір» дегенді айтқым келеді; өмірдің өзінен басқа оның бағасы жоқ. Өмір — ол мектептегі ділмарсыну емес, өмір — ол әсем өнерлер де емес (біздің заманымызда, бәлкім, «әсем өнерлер» деп айту келіспес; қазіргі өнер — қалай айтсаң, олай айт, бірақ әсемдік емес); өмір — ол еңбек те, өндіріс те емес; керек десеңіз, тіпті білімсіз-ақ, өнерді түсінбей-ақ, жұмыс істемей де өмір сүруге болады. Қазір біздегі кейбір ептілер қолының ұшын қимылдатпай-ақ жақсы тұрады; бұл арада капиталистік елдерді айтпай-ақ қоялық, онда қайта шөп басын сындырмайтындар бәрінен де тамаша өмір сүреді. Қанша қарсылық білдірсең де, факты солай... Өмір дегеніңіз не деп сұрайсың ба? Еш қалжыңы жоқ. Он мың жыл бойы адамзаттың ең озық ойшылдары өмір мәнін іздеп келеді; ол жайында жүздеген және мыңдаған қалың томдар жазылды; ал, мен оны саған бір ауыз сөзбен түсіндіріп бермекпін! Әрине, кейбір адамдар үшін істің мәні ап-айқын, буға піскен шалқаннан да оңай деуге болар еді: мысалы, генерал үшін мына әлемдегі адамның күллі миссиясы бұйрыққа бағынып, оны сөзсіз орындаудан тұрады... мәртебелі мырзалардың қызметшілері үшін, өмір — ол әлдекімдердің әбден миға сіңісті ғып үйретуі бойынша, маңдайға жазылған өлімге дайындала жүру. Жо... жоқ, мазасызданба, мен бар-жоғы осындай мысалдармен әңгімемді тәмамдағалы отырмын. Ия, әдетте жұрт: «жер — ол әлемдегі ең ұлы құдірет», «жер — ол шындық пен әділет; өткен өмір мен болашақ және мың-

мындаған осындай нәрселер», - деп жиі айтады; тіпті ән-жырға да қосып жатады. Алайда, адам басқа бір жерде жақсы тұратынына үміт артса, сол сәтте жерді тастап кете бармай ма? Әнеки, сондықтан да «өмір сүру (осы сөзге мықтап назар аударшы), өмірдің мәні – сол өмірді сүре білуде; бұдан бұрын айтқанымдай, оны әркім өз хал-кадерінше түсінеді. Мысалы, менің кім болғым және не істегім келеді, егер осы тілектерімді толық орындай алсам, өмір тек сонда ғана өмір болмақ. Тұра тұр, тұра тұр! Адам – қоғамдық саналы хайуан екенін және адамзат тайпасы – біреулердің екінші біреулермен санасып отыруға тиіс топтары екенін мен жақсы білемін. Бірақ дәл осы арада, ойлау қабілетіне ие бола алмаған тірі жәндіктерге қайта айналып соғуға мәжбүрмін. Неге десең, үйір-үйірімен өмір сүретін әрбір хайуанның, немесе құрт-құмырсқаның түрі тұқым қуалаудың о бастағы нышандарына байланысты; анығырақ айтқанда, олардың дәл солай өз үйірімен болуы – инстинкті түрінде жаратылысында жоспарланған; осықүдіретінінөзі-ақ, олардынадамдардан өлшеусіз биік тұрғанын көрсетпей ме? Адам амалсыз өз ұрпағымен бірге өмір сүретіні рас, бірақ тұқым қуалай келгенде бір тайпаның түгел бірге тұруы белгіленбеген; әйтпесе, неге әрқайсысы өз бетімен ойланып, өз білгенімен жан-жаққа бет-бетімен кетеді? Соны айтшы, білсең?

Ал, енді бауырым, тәңірі жарылқасын, қарызға үш сом бере тұршы.



Әзиз НЕСИН,  
түрік жазушысы.

# Күлесің бе, жылайсың ба?

- Ата-аналар жиналысы
- Шарапханадағы шатақ

әзіл әңгімелер

## АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Ата-аналар жиналысына барайын ба, жок па деп ұзақ ойландым. Барғанда не айтпақпын, болған күнде де жұмған аузымды ашпаймын. Жұрт алдында сөйлеп дағдыланбағанмын.

Ақыры, күпті көңілім сабасына түсті, мектепке тарттым. Жиналыс кызып жатқан тұсқа тап келдім.

Есікті жайлап ашып, бір қырындап залға ендім.

Әлде бір әйел менің келуімді күткендей орнынан ұшып тұрып, жақтыртпаған сыңаймен:

— Кешіктіңіз, құрметті мырза, кешіктіңіз! — деді зілденінкіреп.

Құлағыма дейін қызарған мен мұрын астынан:

— Сіздерге жету оңайға түспеді. Не маршрутты такси жүрмейді... Не автобус жок... — деп міңгірлеген болдым.

— Дирекцияға онын үш қайнаса сорпасы қосылмайды, — деп әлгі әйел пышак кесті сөзін айтты.

Дирекциясы несі? Қайдағы жоқты айтқаны қайран қалдырды. Автобус, трамвай паркінің бұған не қатысы бар? Түсінсем бұйырмасын.

— Дирекцияның ата-аналарға айтар ең үлкен өкпесі, — деп мәлімдеді әйел, — балалар үнемі кешігіп жүреді. Сабақ тоғызда басталады және...

Онын сөзін бөлген бір оқушының анасы:

— Қыздарға жібек ұйық киюге тиым салуға тиіс, — деді киіп-жарып, — және қыздарға ғана емес, кексе әйелдер де кимейтін болсын.

Күтпеген жерден аузымнан қағындым.

— Ханым-әпендінін пікіріне қосыламын, — деп қойып қалдым.

Маған әйел атаулының аяғы албастыдай көрінетін. Оның үстіне иін ағаштай имек аяқ, санына карағанда балтыры түйенің жарты етіндей, жуандығы бармақтай қан тамырлары бақа жұтқан жыландай одырайып қалың шұлық сыртынан мен мұңдалап көрінгенде жерге қарайсын. Зығырданым қайнап кетті білем. Әлгі әйелдің аяғынан көз алмай:

– Барлық оқушы қыздар қап-қара қалың шұлық киюге тиіс, – дедім.

Шұлық туралы сөз қайдан аузыма түскенін түсінсем бұйырмасын. Мектепке бара жатып сөйлеймін деген ойымда жоқ еді. Құдай атарда өсітеді.

Аузымды жиып алғанша болған жоқ мұздай киінген мырза орнынан атып тұрды.

– Бізде одан да маңызды зат бар, төрт көзіміз түгел кезде талқылауға тиіспіз! – Даусы жарықшақтана шықты. – Шұлық – сөз етуге тұрмайтын дүние. Бәрінен бұрын біз шет тілдерін оқыту мәселесін шешуіміз керек. Менің ойымша, барлық пән неміс тілінде жүргізілу қажет. Мен ұзақ жыл Германияда тұрдым. Онда балалар барлық пәнді тек немісше оқиды.

Мен әлі айыбы бар кісідей өз кінәмді жуып-шайғым келді, тағы да құйысқанға қыстырылдым.

– Мен Германияда болған емеспін, әйтсе де сабақты неміс тілінде жүргізу жөніндегі пікірді қолдаймын. Неге дейсіздер ғой? Өйткені бар ғой, күллі әлем өзінің өркениетімен, техникалық дамуымен немістерге, дәл соларға қарыздар. Егер неміс балалары бар пәнді немісше оқымаған болса...

– Әпенді, – деп көзілдірік киген ер кісі сөзімді бөлді, – Сіздің ұсынысыңыз біздің жиналысымызға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Сабақты қай тілде жүргізу – министрліктің құзырындағы іс. Біз мұнда мектеп дирекциясы мен ата-аналар арасында іскер байланыс орнату үшін жиналып отырмыз.

– Неміс тілін оқытуға аптасына қанша сағат бөлінеді? – деп әлгі әдемі киінген мырза сұрағын көлденең тартты.

– Әр сыныпқа әрқалай, – деп көзілдірікті еркек іле жауап берді. – Бірінші сыныпқа – алты, жетіге – сегіз...

– Аз! – Мырза ақырып жіберді.

– Аз! – деп мен де қолтығына су бүрке түстім.

– Бәрінен бұрын мектепте футбол ойнауға тиым салыну керек, – деді залдан егде тартқан бір кісі. – аяқкиім шақ келмейтін болды! Ай сайын су жаңасын аламыз...

– Біздің қыздар футбол ойнамайды, – деп баж ете қалды бурыл шашты әйел.

– Ал, ойыны осылғыр балалар ойнайды ғой! – деп жанағы шал-шауқанға кандидат өнмендей сөйледі.

– Бұл жерде балалардың не қатысы бар! Бізде тек қыздар оқиды...

– Қыздар мектебі дейсіз бе? Демек, мұнда менің ең кіші немерем оқитын болды ғой... Мен ойлап едім... Қыздар ма, жоқ ерлер мектебі ме – бәрібір футбол ойнауға тиым салынсын. Доп ойнаған тозады. Баларымыз көне дәстүрлерімізді ұмытып барады...

– Бар пәле балалар сабақты жіберіп алтынында болып отыр, – деді мұғалима шыр-пыры шығып. – Ата-аналар осыған айрықша назар аударға тиіс...

Қасымдағы отырған еркек:

– Мектептің сауық кеші қашан басталады? – деп сыбырлай сұрады.

– Білмеймін, – дедім мен. – Директордан сұраңыз.

– Директоры қайсы?

– Білсем бұйырмасын... Мына үшеудің қай-қайысы да директорға ұқсайды...

Менің көршім дирекцияға арналған үстөлде манғаздана отырған сымбатты еркектен:

– Директор мырза, мектептің сауық кеші қашан басталады? – деп сұрады.

Анау аң-тан. Жан-жағына тіміскелене қарап алып:

– Директор мырза қайда? – деді көктен түскендей.

– Директор мырза сырқаттанып жатыр, ол бұл жерде жоқ, – деп түсіндірді көзілдірікті келіншек.

Шыдамы таусылған көршім байыз таба алмай:

– Мектептің сауық кеші қашан? – деді тағы да.

Келіншек мына тосын сауалға түсінбей:

– Неғылған кеш? – деді таңырқап.

Ұялғаннан екі беті өрт сөндіргендей қызарған ол сылқ етіп отыра кетті. Жәй отырмады, кіжіне сөйледі.

– Осыдан бар ғой, – деді маған бұрылып, – үйге бара саласымен қызымды жерден алып-жерге саламын. Сазайын тартатындай масқарамды шығарды.

– Сіз күйіп-піскендей ештенені көріп тұрғаным жоқ. Сондықтан бірдеме деу киын.

- Ол онбаған бүгін мектепте сауық кеші болады, соған қалай да баруымды жалбарына сұрады емес пе.

Хармандалы\* биі биленеді деп бөсті ғой. Әйелімнің аяғы ауыр еді, оның ішін шермитіп ит аркасы қиянға сандалтпайтын деп өзімнің келген бетім. Қарашы, босқа әуре болып...

Оның сандырағын тындап біткенше қыздар қап-қара қалың шұлық қисін дегенді талап еткен кексе әйелдің үгітін мойынсұнғандар қатары едәуір көбейіп қалған екен. Олар өз бетімен лағып отыр. Ал, мектепте бар пән неміс тілінде оқытылсын деп ұсыныс жасаған кісі өзінің Германияда өткен өмірін өзеурей әңгімелеп жатты. Сол арада менен:

— Кешіріңіз, — деп бір жас жігіт жөн сұрады, — түсінсем бұйырмасын, өзі мәселе не туралы?

Мен жиналыс үстінде айтылған керағар пікірлер туралы қысқаша айтып бердім.

— Мына шал балалардың футбол ойнауына тиым салынсын, ескі дәстүр рухында тәрбиелеу керек деп талап етеді. Мұғалима оқушылардың сабаққа жиі кешігіп келетінін, тіпті келмей қалатынына шағымданады. Ал, мына қатын, кешіріңіз...

— Мына арадан қалай қарамды батырсам екен? — деді менің сөзімді құлағына қыстырмаған жас жігіт күйгелектеніп. — Құдайқайдан айдап әкелді. Жолдастарым жолымнан шатастырды. Дұрыстап түсіндірмеді. Мен кәсіподақ жиналысына қатысуым керек еді... Қап, байланып отырып қалғанымды қарашы. Мына жұрт сөйлегенімді қаласа, ереуіл еркіндігі туралы көсіліп берер едім.

Буырыл шашты әйел орнынан көтеріліп, тыныштық сақтауымызды талап етті.

— Мырзалар, бізде кедей отбасыларының балалары оқиды. Мектебіміздегі алты жүз жетпіс қыздың жартысына жуығы тіпті оқулық сатып алуға жағдайы көтермейді. Біздің міндетіміз — тым болмаса жүз оқушыға тегін түскі тамағын қамтамасыз ету, біз бұл араға, ашығын айтсам,

сылтаумен бірденеге ақша сұраумен келеді. «Бермейді екенсіңдер — мектепке бармаймын. Құрбыларымның алдында жерге қарағым келмейді» деп табандап отырып алады. Сол ақшалардың қайда кетіп жатқанын білуіме бола ма? Күн құрғатпай тапқан-таянғанымызды сіздердің алақандарыңызға салып бере беретіндей біз шіріген бай дейсіз бе? Әр нәрсенің шегі бар. Ынсап керек. Ай сайын берілетін ақшаның мөлшерін белгілеген жөн және оның неге жұмсалғанын тексеріп отырмай болмайды.

— Өте орынды! — деп, төтесінен қойып қалдым.

Буырыл шашты әйел ұялғаннан қып-қызыл боп кетті, ол ата-аналардан жиналатын ақшаның қайда жұмсалатыны жөнінде тәптіштеп есеп сұраған кісіден:

— Сіздің қызыңыздың аты кім? — деп сұрады.

— Гюльтен Яшоба!

Буырыл шашты әйел:

— Үшінші «Б», жүз қырық бірінші нөмірлі Гюльтен Яшоба ғой? Солай ма? Сіздің қызыңыз каникулдан кейін мектепке бар-жоғы бір апта ғана келді. Сосын, ұшты-күйлі жоғалып кетті. Ол жөнінде біз жазбаша түрде хабарлағанбыз, — деп картасын жайып салды.

— Демек, мен алдап тұрмын ба сонда? — деп мұның да талағы тарс кетті. — Әлде кімге көмек көрсетеміз деп қызым күн сайын менен уыстап ақша алады. — Гюльтеннің шешесі суға кеткен тал қармайдының керін жасап іргелес отырған кісіге ұмсына бұрылып сөзін жалғастырды. — Қараныз, үйге де келуді қойды. Қайда қаңғып жүр? Әкесі екеуміз ажырасып кеткенбіз. Ол сонда тұрып жатқан болды ғой...

Жиналысқа отыздай адам қатысып отыр, карап қалғаны жоқ, солардың әрқайсысы өз ойларын ортаға салып қана қоймай, пікірсымақтарын қызыл кеңірдек боп дәлелдеп бағуда. Асау аттай тізгін бермей лағып кетіп жатқандары да жоқ емес.

Буырыл шашты әйел тағы сөзге араласты.

— Мырзалар, еш нәрсе түсініп болмайды, араның ұясындай бұл не ызың-шу? Тәнір жарылқасын, жамырамай кезекпен сөйлесеніздерші.

Жарыса көтерілген қол қалың ормандай қаптап кетті, бәрі сөз сұрайды. Бірінші сөйлеу құқығы карт



кісіге берілді. Ол ұрандатып бастады. «Құрметті ханым-мұғалималар, құрметті мұғалімдер» деп жұрт назарын өзіне аударып алды да, футболдың зияндылығы туралы ал кеп көсілсін. Оқушылардың өнегесі мен наным-сеніміне қаншалықты теріс ықпалы барын айтқанда қара аспанды төндірді. Тіпті язидтердің\* тұңғыш рет қалай футбол ойнағанын дәлелдеп тұрып алды.

— Ол заманда доп жәк. Азап шеккен Құсайынның басымен ойнаған. Сондықтан доп ойнау — күнәнің күнәсі, — деп әнгімесін жаңа арнаға сала бастағанда күндікелі тағаты таусылған жұрт:

— Доғарыңыз! — деп тұс-тұстан дүрсе қоя берді. - Біздің де сөйлегіміз келеді.

Шалдан соң іле-шала сөз алғанның бірі қалталы адамдар ортақ қазанға екі бала үшін ақша төлеуді ұсынды. «Біз сіңірі шыққан кедей отбасының қыздарына осылай қол ұшын береміз» - деді ол. Содан соң қымбатшылық мойын бұрғызбай бара жатқанын, саудада сары майдың сапасының сын көтермейтінін, сондай-ақ көмірдің тапшылығы жайлы сай сүйекті сырқаратып барып ат басын тартар деп ойлаған жұрттың үміті ақталмады. Арқан керіп тоқтатқандай болды. Екі иығынан басып, күштеп орнына әрен отырғызды. Отырып жатып та ол әлде не деп мінгірлеумен болды.

Маған сөз кезегі тимейтінін түсіндім, өрекіпген елдің у-шуы басылуын күтпестен отырған жерімен ортаға қалай жеткенімді өзге түгілі өзім де байқай алмай қалдым.

— Құрметті ханымдар мен мырзалар! — деп бастадым.

Не айтпағым әлі өзіме де беймәлім, жығылсан-нардан жығыл, отырған жұртты қыран-топан күлкіге батырып, үш ұйықтаса түсіне кірмейтін Қожанасырдың өмірінен бір анекдотты періп жібермекке бел байладым. Бұл бақытсыздықты қойсаңшы, айтайын дегенімнің нәрі мен сөлі есіме түссейші, амалым қанша, қысыр сөзден қаймақ сапыра бастадым: «Ал, бұл оқиғанның немен аяқталатынын іштерің сезіп отыр ғой» деп бар салмақты өздеріне итере салдым.

Бір сәтке кідіру — бар мүмкіндіктен жұрдай болу. Сол жерде сөзді басқа біреу іліп әкеткелі жанталаса, жаныға

---

\* Язидтер - исламдағы шеіітер бағытын жалғастырушылардың бірі.

бағып отыр. Мен әңгімемді қисынын келтіріп жатпай-ақ сабақтай бердім.

- Егер біздің қыздарымыз келесі сыныпқа көше алмай, орнында қалса, онда бұған тұтастай ата-аналар кінәлі.

Мен осылай дирекциямен арадағы қарым-қатынасымды жолға қоюға тырыстым, мұғалімдер менің қызымды екінші жылға орнында қалдырып жүре ме деген ішкі қауіпім жоқ емес еді. Алыстан орағыта келіп:

— Ата-аналар өз балаларымен шұғылданбайды, — дедім мұғалімдерге бүйрегім бұрып. — Басқасын айтпағанда, тіпті өз қызының қай мектепте, қай сыныпта оқитынын білмейтін әкелер бар.

Жарылар бас жарылды, енді мені тоқтату мүмкін емес. Мұғалімдердің айызы қанғаны сондай алақандары ойылғанша қол соғумен болды.

Ақыр аяғы буырыл шашты әйел:

— Түннің бір уағы болды, — деді. — Сіздің сөзіңіздің жалғасын келесі жиналысқа қалдыруға тура келеді.

— Әйтсе де мен әлі ешнәрсе айтып үлгергенім жоқ қой...

Мектептен шығып бара жатқанымда мұғалімдер қимай қоштасып, алғыс жаудырумен болды.

Үйге кірер-кірместен әйелім бассалды.

— Қаңғып қайда жүрсің?

Сағатыма қарадым: сынаптай сырғаған сағат тілі түнгі онға мандай тірепті.

— Мектепте ата-аналар жиналысында болдым. Сөз сөйледім. Менің сөзім мұғалімдерге өте-мөте ұнады. Ата-аналар, — дедім сосын, — балаларын ұмытқан, оқуы қалай, тәртібі ше — мүлдем бейхабар. Сомадай-сомадай болып бір сыныпта екі жыл отырады. Не ұят, не ар жоқ. Баласының тағдырынан бейқам әкесі мен шешесі бар кінәні мұғалімдерге аударып тастап арқа баста кенге салып отырғаны анау. Не деуге болады?...

Осы кезде бөлмеге жау құғандай қызым кірді.

— Әке, — жан даусы шықты, — мұғалімдердің талағы тарс кетіп жатыр, неғып ата-аналар жиналысына келмедің?

Әйелім әлде неден секем алып, бұқа көзденіп өнменнен өтердей алара қарады.